

*Турсунова Б.Ж., Сарсеке Г.А.***СОЦИАЛДЫК ТАРМАКТАР – КОММУНИКАЦИЯНЫН ӨЗГӨЧӨ МЕЙКИНДИГИ***Турсунова Б.Ж., Сарсеке Г.А.***СОЦИАЛЬНЫЕ СЕТИ – ОСОБОЕ ПРОСТРАНСТВО КОММУНИКАЦИИ***Турсунова Б.Ж., Сарсеке Г.А.***ӘЛЕУМЕТТИК ЖЕЛІЛЕР – КОММУНИКАЦИЯНЫҢ ЕРЕКШЕ КЕҢІСТІГІ***B. Tursunova, G. Sarseke***SOCIAL NETWORKS - A SPECIAL COMMUNICATION SPACE**

УДК: 004.77:316.77.773.4

Маалымат дооруна мүнөздүү болгон интернет технологияларында жана социалдык тармактарда жаңы технологияларды калыптандыруу интернет байланышын ар тараптуу изилдөөнү талап кылат. Социалдык медиа – бул жаңы заманбап байланыш чөйрөсү. Албетте, мындан ары да тармактын өнүгүшүнүн жогорку темпинин аркасында интернет мейкиндигинде тилди колдонуу маселеси өз актуалдуулугун жоготпойт. Айрыкча, социалдык медианын пайда болушунун жана колдонуучулардын көбөйүшүнүн натыйжасында сөздөр грамматикалык өзгөрүүлөргө дуушар болуп, жаңы сөздөрдү киргизүү тилдин өзгөчөлүктөрүн изилдөө зарылчылыгын жаратат. Интернеттеги баарлашуу тили тилчилердин көңүлүн бурат, анткени байланыштын бул түрү азыркы коомдун ажырагыс бөлүгү болуп калды. Макалада социалдык тармактар байланыштын өзгөчө мейкиндиги катары сүрөттөлөт, ошондой эле интернет байланышынын өзгөчөлүктөрү каралат. Социалдык медианын кыскача тарыхы, колдонуу деңгээли, алардын функциялары жөнүндө маалыматтар келтирилген.

Негизги сөздөр: социалдык тармактар, Интернет, интернет-байланыш, тармактын колдонуучулары, мобилдик уюштуруу платформасы.

Формирование новых технологий в интернет-технологиях и социальных сетях, характерное для информационного века, требует всестороннего изучения интернет-коммуникаций. Социальные сети – это новая современная среда общения. Очевидно, что и в дальнейшем, благодаря высоким темпам развития отрасли, вопрос использования языка в интернет-пространстве не потеряет своей актуальности. В частности, в результате появления социальных сетей и увеличения числа пользователей слова претерпели грамматические изменения, а введение новых слов вызывает необходимость изучения языковых особенностей. Язык общения в Интернете привлекает внимание лингвистов, так как этот вид общения стал неотъемлемой частью современного общества. В статье описываются социальные сети как особое пространство общения, а также рассмотрены особенности интернет-общения. Представлена краткая история социальных сетей, уровень использования и данные об их функциях.

Ключевые слова: социальные сети, Интернет, интернет-общение, пользователи сети, мобильные устройства, платформа.

Ақпараттық қоғам дәуіріне тән интернет-технологиялар мен әлеуметтік желілердегі жаңа коммуникацияның қалыптасуы интернет-коммуникацияны жан-жақты зерттеуді

талап етеді. Әлеуметтік желілер - заман талабына сай қалыптасқан жаңа коммуникациялық орта. Алдағы уақытта саланың жоғары даму қарқынына байланысты интернет кеңістікте тіл қолдану мәселелері өзектілігін жоғалтпайтыны анық. Атап айтқанда, әлеуметтік желілердің пайда болуы және пайдаланушылар санының көбеюі нәтижесінде сөздер грамматикалық өзгеріске ұшырады және жаңа сөздердің қолданысқа енуі тілдік ерекшеліктерді зерделеу қажеттілігін туындатып отыр. Интернеттегі қарым-қатынас тілі лингвисттердің назарын көбірек аударуда, өйткені қарым-қатынастың бұл түрі қазіргі қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Макалада әлеуметтік желілер коммуникацияның ерекше кеңістігі ретінде сипатталады, сондай-ақ интернет-коммуникацияның ерекшеліктері айқындалады. Сонымен қатар әлеуметтік желілердің қысқаша тарихы, қолдану деңгейі, атқаратын қызметтері туралы деректер келтіріледі.

Түйін сөздер: әлеуметтік желілер, интернет, интернет-коммуникация, желі қолданушылары, мобилді құрылғылар, платформа.

The emergence of Internet technologies and new communications in social networks, characteristic of the information society era, requires a comprehensive study of Internet communication. It is obvious that in the future, due to the high rates of development of the industry, the issues of language use in the Internet space do not lose their relevance. In particular, due to the emergence of social networks and an increase in the number of users, some words change their grammatical meaning, and the introduction of new words dictates the need to study language features. The article describes social networks as a special communication space and reveals the features of Internet communication. There is also a brief history of social networks, the level of use, data on the functions performed.

Key words: social networks, internet, internet communication, network users, mobile devices, platform.

Ақпараттық қоғам дәуіріне тән интернет-технологиялар мен әлеуметтік желідегі жаңа коммуникациялық ортаның пайда болуы электронды коммуникацияны жан-жақты зерттеуді талап етеді. Алдағы уақытта саланың жоғары даму қарқынына байланысты интернет кеңістікте тілді қолдану мәселелерінің өзектілігі артатыны анық. Атап айтқанда, әлеуметтік желілердің пайда болуы және оларды пайдаланушылар санының көбеюі нәтижесінде сөздер өзгеріске


ушырап, тілдік ерекшеліктерді зерделеу қажеттілігі туындап отыр. Әлеуметтік желілер - заман талабына сай қалыптасқан коммуникацияның жаңа формасы.

Күн сайын интернет желісі күнделікті тұрмысқа оңай еніп, уақыт өткен сайын қолжетімді бола түсуде. Интернет желісін қолданбайтын адамдар қатары өте сирек. Бүгінгі таңда интернет желісі қолжетімді болуымен қатар, коммуникация орнатудың белсенді құралына айналып отыр. Оған 2021 жылғы интернет желісі бойынша төменде берілген статистикалық деректер дәлел.

– **Мобильді құрылғылар:** бүгінгі таңда ұялы телефонды 67,1% пайдаланады, бұл әлем халқының екіден үш бөлігін құрап отыр. 2022 жылдың қаңтарынан бастап бірегей мобильді қолданушылар саны 5,31 миллиардқа жетті.

– **Интернет:** 2021 жылдың қаңтарында бүкіл әлемде интернетті 4,95 миллиард адам пайдаланады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 192 миллионға (4%-ға) көп. Интернеттің ену деңгейі қазір 62,5%-ды құрайды. Алайда Covid-19 интернет қолданушыларының саны туралы мәліметтер жинауға айтарлықтай әсер етті, сондықтан нақты сандар жоғары болуы мүмкін.

– **Әлеуметтік желілер:** қазіргі таңда әлем бойынша әлеуметтік желілердің 4,62 миллиард қолданушысы бар. Соңғы 12 айда бұл көрсеткіш 424 миллионға өсті, бұл жылдық өсім 10%-дан асады. 2022 жылдың қаңтар айында әлеуметтік желілерді әлем халқының 58,4%-ы пайдаланады [1].



1-сурет. 2022 жылғы [We Are Social](#) және [Hootsuite](#) бірлесіп жасаған сандық ғаламдық шолу есебі.

Бұдан жыл сайын интернеттің қарқынды дамуы мен мобильді құрылғылардың қолданушылардың санын артып отырғандығын аңғаруға болады. Мұндай үлкен сандар интернет бұқаралық коммуникацияның ең үлкен құралы деп сеніммен айтуға мүмкіндік береді.

Жаһандық өзгерістер орын алып жатқан ХХІ ғасырда интернет желісі күнделікті өмірдегі қажетті құралға айналып отырғанын жоққа шығара алмаймыз. А.Бард «Нетократия. Новая правящая элита и жизнь после капитализма» еңбегінде желіні қарым-қатынастың сөз, жазу және кітап басу ісінен кейін пайда болған коммуникацияның шарықтау шегі деп қарастырады [2, 20]. Шын мәнінде, интернет - бұл әлемге ашылған «терезе» іспеттес. Ол бүкіл миллиондаған компьютерді, портативті гаджеттерді бір желіге біріктіреді. Орыс зерттеушісі П.С.Батищев оқу құралында интернет қолданушыларға ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін беретін ақпараттық қызмет, ақпарат алмасу және қарым-қатынас орнатуды қамтитын коммуникациялық қызметті ұсынатындығын атап көрсетеді [3, 4].

Интернеттің қарқынды дамуы оған кез-келген адам қол жеткізуге мүмкіндік берді, әлемнің өзге нүктесінде мекен еткен желі қолданушылары осы сәтте өзге құрлықтағы адамдармен байланысуға мүмкіндік ашты.


«Әлеуметтік желілер» терминін 1954 жылы «Манчестерлік мектепті» аяқтаған белгілі әлеуметтанушы Джеймс Барнс енгізген. Ол өзінің «Human Relations» жинағына кірген «Class and Committees in a Norwegian Island Parish» атты жұмысында алғаш рет «Social Networks» ұғымын қолданады [4, 45]. ХХ ғасырдың екінші жартысында бұл ұғым батыста әлеуметтік байланыстар мен адами қатынастар зерттеулерінде белсенді қолданыла бастайды, ал ағылшын тіліндегі термин жалпыға ортақ терминге айналады.

«Әлеуметтік желілер» ұғымы ағылшын тіліндегі «social networks», орыс тіліндегі «социальные сети» тіркестерінің тікелей калька аудармасынан қазақ тілі қолданысына еніп отыр. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» [5, 87] «әлеуметтік» сөзіне «жалпы қоғамға тән, қоғамдық» деген түсіндірме берілсе, «желі»

сөзі орыс тілінен аударылғанын көреміз. Әлеуметтік желі ұғымына «Медиа және журналистика: теория мен практикаға жаңа көзқарас» қазақ тіліне аударылған ұжымдық еңбекте «әлеуметтік желі (social networking site) – жеке тұлғалар немесе ұйымдар «бір торапқа» айналған, өзара достасу, ортақ қызығушылық, сексуалды қарым-қатынас, абырой-бедел, эмоция және мәселеге сәйкес өзара байланыс орнатуға арналған әлеуметтік құрылым» деген анықтама берілген [6, 127]. sozdikqor.kz сайтында профессор Гүлмира Сұлтанбаева әлеуметтік желілерді қоғамның қызығушылығын, не жұмысын талқылауға бағытталған адамдардың желілік байланыс түрі деп қарастырады [7]. Шетелдік ғалымдар D.M.Boyd және N.V.Ellison «жеке деректерді жариялауға, достар тізімін құруға және оны көруге мүмкіндік беретін көп функциялы гипермәтіндік веб-парақша» деген анықтама келтіреді [8, 211].

Интернеттегі әлеуметтік желілер қолданушылардың тек ақпарат алу ғана емес, сонымен қатар ақпа-

ратты бөлісу арқылы өз контентін жасауға мүмкіндік беретін Web 2.0. технологиясының пайда болуымен қолданысқа енгізілді. 1995 жылы ең алғашқы әлеуметтік желі classmates.com пайда болды. Заман талабына сай 2002-2003 жылдары Myspace, Facebook сынды алпауыт желілер әлеуметтік желі қатарын толықтыра бастады. Соңғы онжылдықта күнделікті қолданысқа Instagram, TikTok, Telegram, WhatsApp желілері енді. Әлемдегі таңдаулы әлеуметтік медиа платформаларға қатысты GWI ұйымының соңғы мәліметтеріне сәйкес [1] Instagram қазіргі әлемдік рейтингте Facebook-ті басып озып, екінші орынға ие болғанын көрсетеді. Интернет қолданушыларының 14,8%-ы Instagram-ды, 14,5%-ы Facebook желісін өздерінің сүйікті платформалары деп санайды. Ал көп басын WhatsApp желісі бастап тұр. Еңбекке қабілетті жастағы интернет қолданушыларының 15,7%-ы өздерінің сүйікті әлеуметтік платформасы ретінде WhatsApp хабар алмасу қосымшасын таңдайды [1].




2-сурет. 2022 жылғы GWI ұйымының таңдаулы әлеуметтік желілер статистикасы.

Әлеуметтік желілер күнделікті байланыс қажеттілігіне айналғанын жоққа шығара алмаймыз. Л.В. Самойленко «Языковые аспекты виртуальной коммуникации» еңбегінде әр түрлі форумдар, чаттар, блогтар, хабаршылар сияқты кибер-байланыс нысандары өзін-өзі көрсетудің үлкен мүмкіндіктерін ұсынатынын айтады. Сонымен қатар желілердің байланыстағы қысқамерзімділігі қарым-қатынасты жеңілдететінін атап көрсетеді [9, 34]. Шын мәнінде, интернет желісіндегі коммуникация жауапкершілікті талап етпейді. Кез-келген желі қолданушысы жеке дерек-

терін жасырын түрде қолданып, байланысқа шыға алады.

Жалпы еліміздегі әлеуметтік желіні қолдану деңгейін анықтау барысында Statcounter Global Stats операциялық жүйелер бойынша статистиканы ұсынды жөн көрдік. Статистикалық деректер Қазақстан Республикасы бойынша 2021 жылы қаңтар айынан бастап 2022 жылғы қаңтар айын қоса алғанда әлеуметтік желілердің қолдану деңгейінің көрсеткішін қамтиды [10]. Деректерге сүйенсек, әлеуметтік желілердің көп басын Facebook желісі бастап тұр.



3-сурет. ҚР бойынша әлеуметтік желілер статистикасы.

«Әлеуметтік желілер» деп топтастырыла аталғанымен, олар ішгей бірнеше түрлерге бөлінеді. Әлеуметтік желілерді жіктеу шетел тіл білімінде көптеп кездеседі. Г.О. Нестеренко еңбегінде әлеуметтік желілерді үш топқа жіктейді:

1) *Жалпы тақырыптағы әлеуметтік желілер* (MySpace, Facebook, Classmates, Вконтакте және т.б.)

2) *Мамандандырылған әлеуметтік желілер*, мысалы: Drive2-SoundCloud – музыкалық әлеуметтік желі. Бұған мамандар мен ғалымдарды біріктіретін жоғары мамандандырылған әлеуметтік желілер кіреді: E-Learning PRO, Scireople және т.б.

3) *Кәсіби дамуға ықпал ететін іскерлік әлеуметтік желілер*. Олардың қатарында МойКруг және Плахо бар [11, 454].

Е.Д. Патаркин болса әлеуметтік медианың екі санатын анықтайды:

1) ақпарат торабының негізгі түрлері қатысушылармен және олардың профильдерімен байланысты желілер (Facebook, LinkedIn);

2) Сандық нысандар маңызды болып табылатын желілер (Youtube, Wikipedia және т.б.) [12, 123].

Үшінші жіктелім В.М.Сазанова еңбегінде келтірілген. Ғалым желілерді коммуникация және басымдылық тұрғысынан қарастырады:

1) жоғары басымдылыққа ие және жоғары коммуникативті әлеуметтік желілер;

2) жоғары коммуникацияға ие және басымдылығы төмен әлеуметтік желілер;

3) төмен басымдылыққа ие және төмен коммуникативті әлеуметтік желілер;

4) коммуникативтілігі төмен және жоғары басымдылығы бар әлеуметтік желілер [13, 518].

Әлеуметтік желілерді түріне, ақпараттың ашықтығына, географиялық қамтуына және даму деңгейіне қарай топтастыру да кездеседі. Бұл топтастырудың авторы – Н.А. Семенов. Ол әлеуметтік желілердің түріне жеке қарым-қатынас, іскерлік қарым-қатынас, бейне, аудио, фото, геолокация, шопинг, блог жүргізу, жаңалықтар, сұрақ-жауап, бетбелгілер, виртуалды әлемдер, тақырыптық, ойын-сауық/танымалды жатқызады. Ақпараттың ашықтығына байланысты ашық, жабық және аралас деп жіктейді. Үшінші жіктелім географиялық қамтуына қарай әлем, ел, аумақтық бірлік, аймақсыз-халықаралық деп бөлсе, даму деңгейіне қатысты web 1.0–web 3.0 деп топтастырады [14, 12].

Интернет-коммуникацияның ерекшеліктерін, әлеуметтік желілердің тарихы мен ерекшеліктерін қарастыра отырып, қазіргі уақытта интернет байланыс пен ақпараттың ең танымал және қолжетімді көзіне айналғанын аңғарамыз. Әлеуметтік желілер - бұл бір сайт (платформа) негізінде біріктірілген пайдаланушылардың интернет-қауымдастығы. Әлеуметтік желілерді пайдаланатын әрбір қолданушы қандай да бір нақты мақсатқа ұмтылады. Осы тұста әлеуметтік желілердің атқаратын белгілі бір қызметтері бар. Ол қызмет түрлері мынадай:

1. Коммуникативтік. Коммуникативтік қызмет шеңберінде желі қолданушылары өзара байланыс орнатып, жаңалықтар, ақпарат алмасады (фото, видео, аудиоматериалдар, сайттарға сілтемелер, пікірлер, хабарламалар) және бірлескен мақсаттарға жету үшін ынтымақтасады.

2. Ақпараттық. Аталмыш қызмет шеңберінде желі қолданушысы өзіне қажетті ақпаратты іздеп таба алады. Ақпарат ағыны екі жақты бағытқа ие, өйткені байланысқа қатысушылар коммуникатор ретінде де, реципиент ретінде де кезектесіп әрекет етеді.

3. Әлеуметтену қызметі аясында әр қолданушы өзінің қызығушылығымен сәйкес келетін, пікір алмасып, ой бөлісетін желідегі достарын табуға мүмкіндігі бар. Сонымен қатар өзін-өзі дамыту, «достар» және «топтар» жүйесіндегі рефлексияны атап өтуге болады.

4. Өзін-өзі өзектендіру қызметі. Әлеуметтік желілер қолданушылары өзін-өзі дамыту арқылы кәсіби шыңдалуға жол ашады. Өз қызметтерін тұтынушыларға ұсыну арқылы кәсіби мүмкіндіктерін дамыта отырып, табысқа жету мүмкіндігін ашады.

5. Сәйкестендіру. Жеке профильді құру кезінде пайдаланушы оны өзі туралы ақпаратпен толтырады: аты, туған күні, отбасылық жағдайы, мектебі, ЖОО, қызығушылықтары және т.б. Бұл берілген белгілер бойынша парақшаны іздеуге мүмкіндік береді.

6. Жеке басын қалыптастыру қызметі. Л.Фестингердің теориясына сәйкес (1954) адам өзін ұқсас белгілері бар адамдармен салыстыруға бейім. Сонымен қатар когнитивті диссонанс теориясына сәйкес ұқсас адамдар бір-бірін оң бағалайды [15, 3]. Бұл - адамға басқа адамдар мен топтарға қатысты өз ұстанымдарын нақты тұжырымдауға мүмкіндік беретін негізгі механизм.

7. Ойын-сауықтық. Әлеуметтік желі тек мәтіндік хабарламалармен ғана емес, сонымен қатар медиа файлдармен де алмасуға мүмкіндік береді. Одан бөлек, қолданушының мүмкіндігін кеңейту мақсатында үшінші тарап өндірушілері жасаған ойын-сауық сипатындағы шағын бағдарламалар (ойындар, медиа қосымшалар және т.б.), виджеттердің маңыздылығын атап өту керек [16, 193].

Әлеуметтік желі – алысты жақындататын, өз пікірінді ашық айтатын, түрлі ақыл-кеңестер ұсына алатын, сан алуан ақпарат таралатын виртуалды алаң. Қазіргі таңда әлеуметтік желілердің тұрақталғанына байланысты сөздік қорымызға *лайк, репост, селфи, логин, профиль, комментарий, хэштег, подписка*

(*жазылым*) және т.б. сөздер оңай еніп кетті. Әлеуметтік желілердегі коммуникация қоғам тілінің көрсеткіші ғана емес, сонымен қатар әр қолданушыға әсер етудің құралы болып отыр. Әлеуметтік желілерде қалыптасқан жаңа тілдің лингвистикалық сипаты мен ерекшеліктерін қазақ тіл білімінде әлі де терең және жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер:

1. Digital 2022: Global Overview Report - DataReportal - Global Digital Insights <https://datareportal.com/reports/digital-2022-global-overview-report> 10.03.2022.
2. Бард А., Зодерквист Я. Нетократия. Новая правящая элита и жизнь после капитализма. СПб.: Стокгольмская школа экономики в Санкт-Петербурге, 2004. - 260 с.
3. Батищев П.С. Основы Интернет: электронный учебник. - 2004. - 65 с.
4. Barnes J. Class and Committees in a Norwegian Island Parish / Human Relations, 1954. - P. 45-46.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі : 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі / - Алматы: Дайк-Пресс, 2008. - 967 б.
6. Бейнбриж, Ж., Гок, Н., Тайнан, Л. Медиа және журналистика: теория мен практикаға көзқарас: оқулық. - Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2019. - 592 б.
7. Әлеуметтік желілер. «Sozdikqor.kz» <https://sozdikqor.kz/soz?id=234329&a=%C3%81e%C3%BDmettik%20jeliler> 11.03.2022.
8. Boyd D.M. Ellison, N.B. Social network sites: Definition, history, and scholarship / D.M. Boyd; N. B. Ellison // Journal of Computer-Mediated Communication. - P. 210-230.
9. Самойленко, Л.В. Языковые аспекты виртуальной коммуникации Internet Relay Chat / Л.В. Самойленко // Русская словесность в контексте современных интеграционных процессов. - Волгоград, 2005.
10. Social Media Stats in Kazakhstan - January 2022 <https://gs.statcounter.com/social-media-stats/all/kazakhstan> 03.03.2022
11. Нестеренко Г.О., Тишкова О.В. Сучасні соціальні мережі як інструмент неформальної освіти. Гілея // Науковий вісник № 7, 2011. - С. 451-458.
12. Патаркин Е.Д. Педагогический дизайн социальной сети Scratch / Е.Д. Патаркин // Образовательные технологии и общество (Educational Technology & Society). - 2013. - Т.16. - № 2. - С. 505-528.
13. Сазанов В.М. Социальные сети как новая общественная сфера. / В.М. Сазанов // Системный анализ и прогноз. - М.: Лаборатория СВМ, 2010. - 180 с.
14. Семенов Н.А. Социальные сети, перспективы развития и способы монетизации. Часть 1 [Электронный ресурс]. http://habrahabr.ru/company/SECL_GROUP/blog/22811
15. Социальные медиа в обучении с применением ИКТ : анализ. записка, март 2011 / Институт ЮНЕСКО по информационным технологиям в образовании. - М., 2011. - 12 с. <http://iite.unesco.org/pics/publications/ru/files/3214685.pdf>
16. Садыгова Т.С. Социально-психологические функции социальных сетей // Вектор науки ТГУ. - 2012. - №3 (10). - С. 192-194.